

Р.О. СӘЛЕМБЕК, М.Т. ЕСЛЯМОВА

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
университетінің аға оқытушысы Алматы қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДАҒЫ ТАУАР СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті дамытудағы тауар стратегиясының тиімділігі және экономикалық қауіпсіздік мәселелеріне сипаттама берілген. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның қаржылық тұрақтылығы, өтімділігі мен төлем қабілеттілігі, іскерлік белсенділігі және рентабельділік көрсеткіштері, ел экономикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысындағы қауіпті шешу бағыттары айқындалған. Табысты қызметті жүзеге асыру үшін толық өңделген нарық және жақсы ойластырылған тауарлық стратегия қажет.

Кілт сөздер: тауар стратегиясының тиімділігі, экономикалық қауіпсіздік.

Ключевые слова: эффективность, развитие, стратегия, товар, экономическая безопасность.

Keywords: effectation, development, strategy, commodity, economic security.

Қазіргі уақыттағы экономикалық жағдайға талдау жасай отырып, 90-жылдармен салыстырғанда әлемдік шаруашылық жүйесі күрделі өзгерістерге ұшырады деп айтуымызға болады. Біріншіден, әлемдік экономикалық өмірде ғаламдану тенденциялары айқын көріне бастады. Екіншіден, әлемдік интеграциялануының үшжақтылығының, әсіресе шалғай аймақтарда басым әсері байқалады: «индустрияландыру – интернационаландыру - трансұлттандыру». Үшіншіден, кез-келген елдің экономикасы, әсіресе перифериядан соң, одан әрі сыртқы жағдайларға байланысты бола түсті. Бұл оның экономикалық әлсіздігіне алып келеді.

Кәсіпкерліктің қаржысының тиімділігін анықтау және экономикалық қызметін талдау үшін оның қаржылық жағдайына тоқталу керек. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы деп оның өз қызметін қаржыландыру мүмкіншілігін айтамыз. Ол кәсіпорынның дұрыс жұмыс жасауы үшін қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуін, оларды ұтымды орналастыру мен тиімді пайдалануды, басқа жеке және заңды тұлғалармен қаржылық тұрақтылығын сипаттайды.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның қаржылық тұрақтылығы, өтімділігі мен төлем қабілеттілігі, іскерлік белсенділігі және табыстылық көрсеткіштері арқылы сипаттауға болады[1].

Экономикалық тиімділік - экономикалық қызметтің, экономикалық бағдарламалар мен шаралардың нәтижелілігі, яғни экономикалық жүйенің атқарылуына жұмсалған шығын мен алынған нәтиженің арақатынасы. Экономикалық тиімділік алынған экономикалық

пайданың, осы нәтижені алуға септігін тигізген факторлар мен ресурстар шығынына қатынасымен сипатталады.

Қаржылық тұрақтылық – бұл табыстың шығыннан тұрақты дәрежеде артуы. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдалануды қамтамасыз етеді және оларды тиімді пайдалану арқылы өнім өндіру және өткізу үрдісінің үздіксіздігіне жағдай жасайды, яғни қаржылық тұрақтылық өндірістік – шаруашылық қызмет үрдісінде қалыптасады және кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады.

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігі оның өз капиталының қаншалықты тиімді пайдаланғандығын көрсететін бірқатар айналымдылық коэффициенттерімен сипатталады.

Табысты қызметті жүзеге асыру үшін толық өңделген нарық және жақсы ойластырылған тауарлық стратегия қажет. Тауар бойынша стратегиялық шешім жалпы кәсіпорынның маркетингтік стратегиясында басым рөлді атқарады. Кәсіпорынның негізгі ойы мен пайда табудың қайнар көзі, бұл тауардың нарыққа неғұрлым нәтижелі құрал ретінде қызмет атқаруымен байланысты. Сонымен қатар, ол өз алдында маркетингтің орталық кешен элементі болып табылады. Баға, тарату, жылжыту өнім ерекшеліктерінде құрылады. Кәсіпорын қауіпсіздігі мен экономикалық өсіміне арналған тауарлармен жұмыс істеу әсіресе нарық жағдайында өсе түседі. Тұтынушыларға жақсы қабылданған жана немесе жақсартылған тауарлар, кәсіпорынға біраз уақытқа бәсекелестерден белгілі бір артықшылықпен қамтамасыз етеді. Бұл дәстүрлі өнімдердің өтіміне байланысты бағаның қарқынды төмендеуіне көмектеседі.

Тауарды нарыққа енгізу кезеңіндегі маркетингтің негізгі міндеттері мыналар:

- тауар өткізу жүйесін жетілдіру есебінен балама тауар өткізу желісін қалыптастыру және тауар өткізудің жана арналарын құру;
- жаңа тауардың артықшылықтары мен жетістіктерін тұтынушыға жеткізу үшін ақпаратты жарнаманы белсенді жүргізу;
- жаңа тауар мен нарықтағы оған ұқсас тауарлар арасындағы функционалды бәсекені анықтау;
- тауардың нарыққа шығуына байланысты мүмкін болатын бәсекелестердің мінез-құлқын зерттеу;
- жана тауардың нарыққа бейімделуін қамтамасыз ету [2].

Экономикалық қауіпсіздіктің мәселелері сөз болғанда бұл жөнінде айтушылар мен жазушылардың бірінші тобы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік стратегиясын жасау керек десе, екіншілері, оның тұжырымдамасын жасау керек дегенге саяды. Бұл екі түсінікті бір-біріне қарсы қоймай-ақ қарағанда екеуінің әрқайсысының өзіндік мағынасы мен орны бар сияқты.

Елдің экономикасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді сөз еткенде, оның стратегиясы мен тұжырымдамасын жасағанда ең басты мақсаттың бірі – экономикалық өсуді қалпына келтіру, тұтыну секторында төлемдік қабілеті бар сұранысты көтеру, халықтың тұрмыс дәрежесін көтеру болуға тиіс деп ойлаймын [3].

Ғаламдану жағдайында ұлттық экономикалық қауіпсіздік стратегиясын жасау әрбір мемлекет үшін маңызды шара болып табылады.

Қазақстанның ғаламдану жағдайында әлемдік экономикаға интеграциялануы барысында ұлттық экономикалық қауіпсіздік мәселелеріне талдау жасап, елдегі экономикалық қауіптердің алдын алу шараларына тоқталу болып табылады. Сонымен қатар бұл жұмыста елдің жалпы экономикалық жағдайына шолу жасалып, дәл қазіргі уақытта елімізде орын алып отырған экономикалық қауіпсіздік мәселелері мен болашағы.

Ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әдіснамалық мәселелерді зерттеу, ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің елдегі ерекшеліктері мен құрылымын қарастыру, оның бастапқы мәндерін анықтау мен ұлттық қауіпсіздіктің макроэкономикалық көрсеткіштерінің жүйесін қарастырумен қатар Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің қазіргі кездегі жағдайына шамалы талдау жүргізілді.

Бүгінгі таңда Қазақстан әлемнің жүзден аса мемлекеттерімен қарым-қатынас жасайды. Бұндай экономиканың ашықтығы және ғаламдану жағдайында экономикалық қауіпсіздікті сақтау елдің негізгі міндеттерінің бірі болуы қажет.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл елдің тәуелсіздігінің кепілі, қоғам өмірінің тұрақтылығы мен тиімділігінің, табысқа жетудің керекті жағдайы.

Экономикалық қауіпсіздік біршама күрделі ішкі құрылымға ие. Нақты үрдістердің талдауы мен бұл мәселені шешудегі отандық және шетелдік тәжірибелерді қарастыру оның негізгі 3 элементін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

– *Экономикалық тәуелсіздік*, бұл қазіргі кездегі әлемдік шаруашылық жағдайында ешқандай абсолютті сипатқа ие болмайды. Халықаралық еңбек бөлінісі ұлттық экономикаларды бір-біріне байланысты және тәуелді етеді. Бұндай жағдайда экономикалық тәуелсіздік мемлекеттің ұлттық ресурстарға бақылау жүргізу, бәселестікке қабілетті және әлемдік саудада, кооперациялық байланыстарға және ғылыми-техникалық жетістіктермен айырбасқа тең дәрежеде қатысуға мүмкіндік беретін сапалы және тиімді өнім өндірісі деңгейіне жетуге бақылау жасауға мүмкіндігін көрсетеді.

– *Ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен орнықтылығы*, бұл меншіктің кез келген түрін қорғауға алғышарттар жасайды, кәсіпкерлік белсенділікке кепіл беру және нақты жағдай жасау, жағдайды тұрақсыздандыруы мүмкін факторлардан қорғау, экономикадағы криминалды құрылымдармен күрес, табыстарды бөлуде қоғамдық толқулар тудыру қауіпін туғызатын көзге ұратын алшақтықтарды болдырмау т.б.

– *Өздігінен даму және прогреске қабілеттілігі*, бұл әсіресе қазірге динамикалық дамушы әлемдегі басты мәселе. Инвестициялар мен инновациялар үшін жағымды климат тудыру, өндірісті әрдайым модернизациялау, жұмысшылардың жалпы мәдени дамуы және мамандануы, олардың білім деңгейін көтеру ұлттық экономиканың өзін-өзі сақтауы мен тұрақтылығының қажетті және міндетті шарттары болып табылады.

Осылайша, экономикалық қауіпсіздік – бұл ұлттық экономиканың тәуелсіздігін, оның тұрақтылығы мен қалыптатылуын, әрдайым жаңару мен өзін-өзі жетілдіруді қамтамасыз ететін жағдайлар (шарттар) мен факторлардың жиынтығы болып табылады.

Экономикалық қауіпсіздіктің мәнісін экономика мен үкімет институттарының ұлттық мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ете алатын күйін, елдің әлеуметтік бағытпен дамуы, ішкі және сыртқы үрдістердің қолайсыз жағдайда дамыған кездің өзінде жеткілікті қорғаныс әлеуеті болуы деп анықтауға болады. Сонымен экономикалық қауіпсіздік – ол тек қана ұлттық мүдделердің қорғалуы ғана емес, сонымен бірге өкімет институттарының отандық экономиканы дамытуға, қоғамдық әлеуметтік-саяси тұрақтылығын сақтауға қажетті тетіктерді құра алатын қабілеттілігі мен дайындығы[4].

Ұлттық қауіпсіздік – бұл ұлттық мүдделердің қорғалу кепілі, тұтастай елдің әлеуметтік бағытта дамуы, тіпті жағымсыз сыртқы және ішкі үрдістердің даму түрлерінде жеткілікті экономикалық және қорғаныс әлеует болуы қамтамасыз етілетін экономика мен басқару институттарының жағдайы.

Ұлттық қауіпсіздік құрылымы:

- Экономикалық қауіпсіздік;
- Экологиялық қауіпсіздік;
- Ақпараттық қауіпсіздік;
- Әскери-қорғаныс қауіпсіздік;
- Әлеуметтік қауіпсіздік;
- Саяси қауіпсіздік;
- Рухани-адамгершілік қауіпсіздік.

Ұлттық қауіпсіздік құрылымында экономикалық қауіпсіздік негізгі орын алады. Бұл экономиканың қоғам, мемлекет және жеке тұлға іс-әрекетінің өмірлік маңызды жағының бірін сипаттауымен байланысты. Экономикалық қауіпсіздік экономиканың барлық өндірістік жүйесіне әсер етеді[5].

Ұлттық экономикалық қауіпсіздік, ұлттық өнім өндірудегі құндық және натуралды элементтерінің басым үлесін қамтамасыз етуге қабілетті өндіріс күштерінің дамуының жоғарғы деңгейі; экономикалық қауіпсіздіктің ішкі әлеуметтік-саяси негізі; халықтың көп бөлігінің қолдауына ие мемлекеттің саясаты арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік және экономикалық даму стратегиясын жасауға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді ұлттық мақсаттарға байланысты қоғамдық пікірдің жоғарылығымен сипатталатын ішкі материалды-заттық негізге ие.

Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі – қызмет тұрақтылығы, қаржы-саудалық табыс, прогрессивті ғылыми-техникалық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз ететін заңды, өндірістік қатынастардың және ұйымдық байланыстардың, материалды және интеллектуалды ресурстардың жағдайы.

Елдің экономикалық қауіпсіздігі ұлттық экономикасының тұрақтылығымен әрқашан байланысты. Бұл, оның жұмыс істеуі үшін қалыптасқан жағдайға қарамастан, жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық үрдістерге ұйымдастыру және бақылау жасау іспетті негізгі жүйелік қызметін атқаруға қабілетті деген сөз, тіпті әлеуметтік тұрақтылыққа ие, орнықты саяси режимі бар дамыған экономикалық жүйенің өзінде де экономикалық қауіпсіздік шартты түрде төбе көрсетіп келе жатқан бүлдіргіш факторлармен бұзылуы ықтимал[6].

Сонымен экономикалық қауіпсіздік дегеніміз, ұлттық экономиканың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлар мен факторлардың жиынтығы болып есептеледі. Сондай-ақ экономикалық қауіпсіздік деген ұғымға елдің ресурстық әлеуетіне (қорлар мүмкіндігіне), үйлесімді және үдемелі өсу мүмкіндігіне, әлеуметтік дамуына, экологиясына қатысты маңызды мүдделерін қамтамасыз ететін экономикалық, саяси, құқықтық, геосаяси жағдайлардың біртұтас жиынтығы кіреді.

ӘДЕБИЕТ

1 Послание Президента к народу Казахстана «Стратегия вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира» от 1 марта 2010г. – С.22.

2 Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира //Экономика и жизнь. –2008.–№ 1.–С. 23.

3 Сатыбалдыұлы С., Байтанаева Б. Маркетинг және менеджмент негіздері: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007.

4 Жакенова Б.Қ., Тәмпішева Қ.Б., Максатова Л.М. Менеджмент негіздері: Оқулық (дәрістер курсы). - Астана: Фолиант, 2007.

5 Торянников Б.Н., Красковский А.П. Экономическая безопасность предприятий / Методическое пособие для предпринимателя. - СПб, ЗАО «Кредитреформа-Санкт-Петербург», 2003.-160 с.

6 Экономическая безопасность: производство-финансы-банки/Архипов А.И., Белоусов Р.А., Быков А.Н. и др.;под ред. проф. В.К.Сенчагова - М.: ЗАО «Финстатинформ», 2008.-622 с.

Резюме

Р.О. Салембек, М.Т. Еслямова

Эффективность развития стратегии товара в Республике Казахстан и обеспечение экономической безопасности

Авторами рассмотрены вопросы, касающиеся экономической предпринимательской безопасности и эффективности развития стратегии товара РК. Обеспечение экономической безопасности и раскрытие финансового состояния предприятия, рентабельность, окупаемость и платежеспособность. Необходимо выполнить стратегию товара для получения хорошей либо высокой прибыли на рынке. Согласно стратегическим решениям исполнить преобладающую роль над общей стратегии товара предприятием.

Summary

R.O. Salembek, M.T. Eslyamova

Efficiency of development of strategy of commodity in Republic of Kazakhstan and providing of economic security

On it Republic Kazakhstan enterprise efficiency strategy of commodity on to develop and description was given economic to the questions of safety. enterprise financial the state, оның financial constancy, recoupment and pay ability, efficiency activity and profitability index, country economy economic safety providing in a flow ғы dangerous decides direction is found out. Profitable activity market and good ойластырылған, at that was to carry out for fully made, commodity strategy it is necessary. According to a commodity strategic decision carries out prevailing role on general strategy marking enterprise .

Поступила 27.02.2013 г.